

ЫРЫС АЛДЫ - ЫНТЫМАК

В ЕДИНСТВЕ - НАША СИЛА



Қарапатап

Көрнекті жазушы, журналист, «Қаратал ауданының Құрметті азаматы», Жанат Елшібек – 60 жаста.



ЖҮРЕГІНДЕ ШУАҚ БАР

(Жанат ЕЛШІБЕККЕ)

Жанат деген атыңда –
Жанып тұрған бір от бар.
Жаны ашитын жақынға
Жүрегінде шуақ бар.
Жаксылықты жаліайтын,
Жайсан мінез - зор ісі.
Жалықдайтын, талмантын
Нағыз Енбек торысы.
Үмтылу бар,
Үту бар,
Келгеннен соң өмірге.
Бір Бекзаттық Бітім бар
Негізінде - тегінде.
Екендігің күшті ерлік,
Кейбіреулер түсінбей...
«Сконоворд» - іскерлік,
Станоктың ісіндей.
Әуелейтін өн-күй тұр,
Құлаш ұрып қиырға.
Керек емес «компьютер»
Бөрі сенің - миыңда.
Әдептен де аспайсың,
Сөз айтпайсың батырып,
Тас-талқан ғып тастайсың
Жұмысыңды жапырып.
Бойың биік,
Тұлғаң - шоң,
Жақындайсың
Күнге тым. Атың Жанат болған сон,
Қанат болу міндетің.
Алпыста да,
Алқынба,
Күндер күтер өлі алдан. Жанат,
Жанат,
Жансың ба,
Жану үшін –
Жаралған
Ақ семсердей жаркылда,
Әрі досым, әрі інім.
Арғымақтай қалпыңда,
Басылмасын Арының!

Серік Тұрғынбекұлы